

**<sup>1</sup>Пазиллов Е.Д.,\* <sup>2</sup>Әнуарбек Ә.Қ.**

<sup>1</sup>аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>№15 Д.И.Менделеев атындағы мектеп-лицейінің оқушысы, Шымкент, Қазақстан

**БЕСЕУДІҢ ХАТЫ: ЕМБЕРГЕН АЛТЫНБЕКОВТІҢ  
ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

Автор корреспондент: [pazilov82@mail.ru](mailto:pazilov82@mail.ru)

**Түйін:** Қазақстан тарихында қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлері тарапынан жазылған «Бесеудің хаты» деп аталатын құжат ерекше орын алады. 1932 жылы шілде айында қазақтың бір топ зиялылары – Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Даулетқалиев, Қ.Қуанышев, Е.Алтынбеков КОКП ОК бас хатшысы И.Сталиннің атына ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында жергілікті басшылықтың жүргізіп отырған қатігез саясаттың салдарынан Қазақстанда мал шаруашылығының түбірімен күйреп, осының салдарынан ел ішін алапат аштық жайлағаны жөнінде баяндалған хат жазады. Хаттың жазылуына Т.Рысқұлов, Ж.Мыңбаев, Ә.Лекеров сынды белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері түрткі болғаны белгілі. Хат бастапқыда Сталиннің атына жазылғанымен, белгілі себептермен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің қолына түседі. Осыдан соң көп уақыт өтпей хат авторларының басына қара бұлт үйіріліп, басшылық тарапынан қуғынға ұшырай бастайды. Мақалада отандық тарихнамада «Бесеудің хаты» деген атаумен қалған хат авторларының бірі – Емберген Алтынбектің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі жан-жақты талданады.

**Кілт сөздер:** Е.Алтынбеков, «Бесеудің хаты», ашаршылық, тоталитаризм, қуғын-сүргін.

Өткен ХХ ғасырдың алғашқы жартысы қазақ халқының тарихында терең із қалдырған, қайшылыққа толы кезең ретінде сипатталады. Әсіресе, осы ғасырдың 20-30 жылдарында кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ халқына қарсы ең бір жантүршіктіретер сорақы қылмысы – «ұлы жұт» деп аталатын ашаршылық апаты орын алды. Соңғы тарихи зерттеулерде көрсетілгендей, халқымыздың тең жартысына жуығын жалмаған осынау аштық зұлматының қайғы-қасіреті ХVIII ғасырдағы «ақтабан шұбырындыдан да» асып түскен болатын. Қазақ халқының тағдыры сынға түскен осынау алмағайып кезеңде бірқатар қоғам қайраткерлері басын бәйгеге тіккен жанқиярлық ерліктің жоғары үлгісін көрсетіп, өз ұлтының алдында перзенттік борышына адал екенін дәлелдей білді. Халықты қынадай қырған нәубетке қарсы тұруды азаматтық парызы санаған қазақ зиялылары кеңестік жүйенің сиықсыз да қорқынышты жүзіне батыл қарап, қаймықпай қарсы шықты. 1932 жылы 4 шілдеде БК (б) П қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге бір топ ұлт зиялылары хат жазды. Ұжымдастыру барысындағы асыра сілтеушіліктер салдарынан орын алған ашаршылық нәубетін сынап, халықты қырғынға ұшыратқандарды анықтауды талап еткен бұл хат тарихта «Бесеудің хаты» деген атпен қалған еді. Алайда қазақ даласындағы большевиктік солақай эксперименттердің жағымсыз салдарларын көрсетіп, осы ауыр жағдайдан елді қалай құтқару қажеттілігі егжей-тегжейлі жазылған хаттың авторларының барлығы дерлік кейін қуғын-сүргінге ұшырады. «Бесеудің хатын» ұйымдастырып қол қойғаны үшін басына қара бұлт үйіріліп, қуғын көрген осындай азаматтардың бірі – Емберген Алтынбеков болатын. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві қорларында есімі ескерусіз қалған Е. Алтынбеков жөнінде құнды деректер молынан сақталған. Аталмыш архивтің арнайы №168 қорында ол кісінің өз қолымен толтырған өмірбаяндық мәліметтері, атамыздың жұбайы Мағройдың естеліктері, қоғамдық-саяси қызметінен хабар беретін материалдар мен фотосуреттер жинақталған.

Архив деректеріне сүйенсек, Емберген Алтынбеков 1904 жылы Сырдария губерниясы Перовск (Қызылорда) уезі, Қосбөгет болысына қарасты №6 ауылда жұмысшы отбасында дүниеге келген. Жастайынан анасынан айырылып, әкесінің тәрбиесінде өскен [1]. 1916 жылы 12 жасқа толғанда Ташкент қаласындағы Шыршық көпірінде ағаш жонушы болып істейтін әкесі қайтыс болып, бала Емберген тұл жетім қалады. Сондықтан

жетімдік тауқыметін көп көрген ол еңбекке ерте араласты. Алғашында ол бір ауқатты отбасыға жалданып қойын бақса, кейін Перовск қаласындағы шайханалардың біріне жұмысқа тұрып, шай тасушы, аула сыпырушы, ыдыс жуу сияқты қара жұмыстарды атқарады. Осы қызметі үшін шайхана қожайыны оған күніне бір стакан сүт, 3 тілім нан беріп отырады. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін жетім балаларға арналған мектеп-интернатқа қабылданады. 1919 жылы осы мектеп-интернат қабырғасында комсомол қатарына өтеді. 1921 жылы қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарып, көзге түскен Е. Алтынбековты уездік халыққа білім беру бөлімі арнайы жолдамамен Шымкент педагогикалық техникумына оқуға жібереді. 1924 жылы аталған техникумды үздік аяқтаған ол Ташкент қаласында ашылған қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ ағарту институтының (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) дайындық бөліміне қабылданды. Бұл кезеңде кеңес өкіметінің билік мекемелерінде Емберген сияқты комсомол жұмыстарында шыңдалып, саяси жағынан сауатты қазақ мамандары тапшы болып жатқан уақыт еді. Сол себепті 1925 жылы Түркістан республикалық комитеті студент Е. Алтынбековты оқуын аяқтатпай, Ферғана облысы Ош уездік комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындайды. Арада 6 айға өткен соң Шымкент комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметіне ауыстырылады. Қандай қызметке жіберсе де өзін тек жақсы жағынан көрсете білген, болашағынан зор үміт күттіретін жас толқынның бірі ретінде Емберген Алтынбековты партия басшылығы 1926 жылы Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетіне (КУТВ) оқуға жіберген еді.



Сурет 1. Е. Алтынбеков оң жақтағы бірінші қатарда. 23.01.1925 ж.

1930 жылы осы университеттегі партия оқуын сәтті аяқтаған ол БК (б) П Торғай өлкелік комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалады. Осы жылы Алматы қаласында партия қызметкерлерін дайындайтын тұңғыш жоғары оқу орны ашылады. 1931 жылы Е. Алтынбеков өзімен қатарлас Мәскеу қаласында бірге оқыған досы М. Даулетқалиевтің ұсынысымен осы университеттің проректоры қызметіне шақырылады. Осы университетте қызметте жүрген кезінде Е. Алтынбеков өзінің пікірлес достары – М. Даулетқалиев, Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, Қ. Қуанышев сынды партия билігінде жүрген қоғам қайраткерлерімен бірлесе отырып, Ф.И. Голощекиннің атына әйгілі «Бесеудің хатын» жазады. Хаттың жазылуына Т. Рысқұлов, Ж. Мыңбаев, Ә. Лекеров сынды белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері түрткі болғаны айдан анық.

Алдымен И. Сталиннің атына жазылып, түрлі себептермен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекиннің қолына түскен «Бесеудің хатының» қысқаша мазмұны төмендегідей еді: «Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның товарлы өнімін беретін, 40 миллион малы бар өлке», – деп жаздыңыз. Сіз, Голощекин жолдас, 1930 жылы «Октябрь революциясының жеңістері» деген мақалаңызда... Бірақ қазір, Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде Қазақстанда мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8

бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. ... Мал басының қисапсыз кеміп кетуі көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс? Колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, сұрапыл қырғынға ұшырады...

Нағыз көзбояушылар, көпірме жоспарлар жасаушылар, оның үстіне өздеріне жүктелген нақты іс басқара алмаған, көзбояушылықпен «бәрі де жақсы» деп тұжырымдап, өнеркәсіп саласындағы жетістіктерге арқа сүйеген, сөйтіп, осынау елеулі мәселелерге жұртшылық назарын әлсіреткен жер органдары мен ауыл шаруашылығы кооперативтері одағының мүшелері неге бүкіл жұртшылық алдында сабақ боларлықтай сазайын тартпайды?»[2].



Сурет 2. Солдан оңға қарай Е. Алтынбеков әйелі Мағроймен бірге. Алматы. 1932 ж.

Е. Алтынбековтың жары Мағрой апа өз естелігінде былай деп жазады: «Алматы қаласында біз Мұташ Даулетқалиевтердің отбасымен көрші тұрып, жақын араластық. Оның әйелі Азғыр Мусина көңілі кең, мінезі жұмсақ келбетті кісі болатын. Отбасылық кездесулерде Мұташ пен Емберген Ф. Голощекиннің жүргізіп отырған саясатын айыптап, кеңес үкіметінің жаңа қағидалары қазақ қоғамына қайшылыққа ұрындырып, жалпыұлттық қасіретке айналғаны сонша барлық әлеуметтік топтарды күйретіп жібергенін, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, алым-салық жинаудағы қиянаттардыңынжыла айтып отыратын. Көп ұзамай осы солақай саясаттың салдары халық жаппай аштыққа ұшыратып, елден ауа көшуіне әкеліп соқтырды. «Бесеудің хаты» осы тұста жазылған болатын. Хат жазылғаннан кейін Емберген астанадағы жұмысынан алынып, қызметтік пәтерден айырылды. Ол қызметінен төмендеп, Батыс Қазақстан облысына қарасты Бөрлі аудандық партия комитетіне жіберілді» [3].

Осыдан кейін-ақ партиялық жұмыс баспалдағымен жедел өсіп келе жатқан қазақ интеллегенцияның жарқын өкілдерінің бірі ретінде Е. Алтынбековтың қызметтік мансабы тоқырап, арнайы органдар тарапынан бақылауға алынды, тергеле бастады. БК (б) П қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы қызметіне Л.И. Мирзоянның келуінің арқасында Ембергеннің жеке басы ақталып, қуғын-сүргіннен құтылды. 1933 жылы Л.И. Мирзоянның нұсқауымен Е. Алтынбеков Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Жаңақорған ауданын басқарған жылдары ол суғармалы егістік көлемін ұлғайтып, жаңа каналдар салу арқылы халықтың әл-ауқатын көтеруге бар күшін салды. Мысалы, 1933 жылы Е. Алтынбеков Жаңақорған аудандық партия комитетінің конференциясында жасаған баяндамасында «1929 жылы ауданда 30 мың тұрғын бар еді, қазір оның 10 мыңы ғана қалды. Сол кезде ауданда 450 мың бас мал бар еді, соның 4500-і ғана қалды. Ет жоспарына жіберілгені мұншама, қалғаны қайда?»

деп шырылдаған екен. Ол кісінің жары, Мағрой Алтынбекова өз естелігінде «Біз Жаңақорғанға барғанда аудан басшысы да қызметін тастап ауа көшкендермен ілесіп кеткен екен, аш-жалаңаш елден басқа онда ештеңе де жоқ болатын» дейді [4].

Содан Е. Алтынбеков ауданға жұмыс күшін тарту үшін ашаршылық пен қуғын-сүргін кезінде Өзбекстанға тентіреп босып кеткен халықты елге қайтаруға күш салады. Е. Алтынбековтың жанкешті еңбегінің арқасында Өзбекстан территориясынан Жаңақорған ауданына 1 мыңнан астам отбасы қайта оралды. 1938 жылы осы қызметте жүрген кезінде елді жайлаған жаппай қуғын-сүргін дүрмегімен Е. Алтынбековте «ұлтшыл» деп айыпталып, өзге қазақ зиялылармен бірге тұтқынға алынады. Оның жеке басына таққанкеңестік қауіпсіздік органдарының айыбы кісі күлерлік жағдайлардың бірі. Е. Алтынбековке «Жаңақорған ауданындағы суғару каналдарын кеңес үкіметіне қарсы қасақана зиян тигізу үшін салып, Москва-Ташкент темір жолын қирату мақсатын көздеген» деген жалған айып тағылды. Бұл жерде оның тұтқындалуына «Бесеудің хатына» қол қойғаны себеп болғаны анық. Сонымен «үштіктің» өкімімен «халық жауларымен» тығыз байланыста болғаны үшін Е. Алтынбеков 10 жылға бас бостандығынан айырылып, Сібір жеріндегі Канск еңбекпен түзеу лагеріне жазасын өтеу үшін жіберіледі. Канск түрмесіне жіберілмес бұрын ол Шымкент қаласындағыабақтыда қазақтың көрнекті тұлғалары Әлімхан Ермеков және Мұқаметжан Қаратаевпен бірге болады.

1941 жылы елде қалған жарының Сталин мен Молотовтың атына, Коммунистік партияның орталық комитетіне жазған өтініш хаттарының арқасында түрмеден босап шығады. Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі жылдары Сарыағаш, Келес аудандарын басқарды. Осы аудандарда басқарып жүрген кездері «Бесеудің хатына» қол қойғаны үшін «халық жауы» ретінде түрмеге отырып шыққаны өзіне көп кедергі болып, «ұлтшыл» деген айып қыр соңынан қалмайды. 1946 жылы ОҚО облыстық партия комитетінің шешімімен мақта дайындау науқанын уақытында аяқтамағаны үшін деген желеумен «қатаң сөгіс» беріліп, Сарыағаш ауданының басшысы қызметінен алынады. Мұндай әділетсіздікке жаны төзе алмаған Е. Алтынбеков 1947 жылы Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Ж. Шаяхметовтың атына хат жолдайды. Хатта төмендегідей мәліметтерді келтіреді: «1943-1946 жж. ОҚО Сарыағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істедім. Мені осы қызметтен ауданның экономикалық деңгейін көтеру үшін тиісті шаралар қабылдай алмады деген сылтаумен босатылдым. Бірақ мен бұл шешіммен мүлде келіспеймін. Шындығында жағдай былай болатын: 1943 жылы ауданды қабылдап алғанымда 5700 га аумақтағы мақта алқабының әр гектарынан жиналатын өнім көлемі небәрі 1,92 центнерді құраса, мен басқарған 1944 жылы мақтаның өнімділігі артып, гектарына 5 центнерден мақта шикізаты жиналды. Жылдық жоспар артығымен 104% орындалды. Осы үшін кеңес үкіметі мені II дәрежелі Ұлы Отан соғысы және «Ұлы Отан соғысы кезіндегі Еңбек Даңқы» медалдерімен марапаттады. 1945 жылы мақта алқабының түсімі гектарына 7 центнерден айналды. Сондықтан маған тағылған «тұқымдық мақта дер кезінде жиналмаған» деген айып тағылып, қызметімнен алынуым негізсіз деп есептеймін. Менің қызметтен кетуіме көре алмайтын кейбіреулердің өсек сөздері себеп болған сияқты. 20 жылдан бері партия қызметінде жүріп, ешқашан партияның атына кір келтірмей абыроймен еңбек еттім. 1938 жылы жалған жаламен тұтқындалғаныммен, қылмыстық құрамы жоқболғандықтан толық ақталып шықтым. Осы айтылған жағдайларды ескере отырып, мені қайтадан партия жұмысына пайдалануларыңызды өтініп сұраймын. Өзіңізден нұсқау күтемін» [5].

Өмірінің соңғы жылдары атқарған қызметі– КСРО ауыл шаруашылығы министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша арнайы өкілі қызметінде болды. 1954 жылы сталиндік қуғын-сүргін мен түрме азабын басынан кешіріп, денсаулығы сыр бергенЕмберген Алтынбеков 49 жасқа қараған шағында мезгілсіз қайтыс болды.

Қорытындылай келгенде, халықтың жалпы қасіреті жадында сақталып қалған елін сүйген азаматтар кеңестік биліктің қатаң бақылау саясатына қарамастан, тарихтың ащы шындығын болашаққа жеткізуге тырысып бақты. Қазіргі таңда сонау нәубетті жылдары

әрбір қазақ шаңырағын шайқалатын ашаршылық тарихына қызығушылар саны да жылдан-жылға артып келеді. Себебі, халқымыздың тең жартысын жалмаған ашаршылық қасіреті және осы қырғыннан қазақтарды аман алып қалу жолында қанатымен су сепкен қарлығаштай әрекет еткен тұлғалардың қызметі елдің жадынан ешқашан ұмытылған емес. Ал, бүгінгі ұрпақ кеңестік дәуірдегі әлеуметтік тәжірибелер, адам құқықтарын таптау және осы сияқты келеңсіз құбылыстардың қайталанбауы үшін шынайы тарихымызды және ұлт намысы жолында күреске түскензиялыларымыздың ерлігін білуі тиіс. Өткен тарихтың ақиқатын халыққа жеткізу арқылы өскелең жас ұрпақ оның тағылымы мол сабақтарын әрқашан есте сақтауы керек деп есептейміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 168-қор. 3-тізімдеме. 80-іс.
2. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Астана, 2017. – С.83.
3. Ибрашев М. Промелькнувший метеор // Кызылординские вести. 2018. – 19 январь.
4. Қазақстан Республикасының Президент Архиві. 141-қор. 1-тізімдеме.5233-іс.
5. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 40-қор. 1-тізімдеме. 47-іс.

**Аннотация:** Особое место в истории Казахстана занимает так называемое «Письмо пятерых» видных казахстанских деятелей культуры. В июле 1932 года Г. Мусрепов, М. Гатаулин, М. Давлетгалиев, Е.Алтынбеков, К.Куанышев написали письмо И. Сталину о бедственном положении в казахской степи, обвиняли Ф.Голощекина в искривлениях генеральной линии партии по проведению коллективизации, уничтожении стимулов населения по развитию животноводства, что порождало отвращение к занятию скотоводством. К написанию «Письма пятерых»способствовали известные общественные и государственные деятели, такие как Т. Рыскулова, Ж. Мынбаев, А. Лекеров.

Им стали угрожать исключением из партии и привлечением к уголовной ответственности. Сила психологического давления, которое испытали на себе авторы письма оказалась для них тяжким испытанием. Одним из авторов “Письма пятерых” был – проректор Казахского Коммунистического Университета Емберген Алтынбеков. В данной статье рассматривается жизненный путь и судьба Е.Алтынбекова, дается анализ его общественно-политической деятельности.

**Abstract:** An important place in the history of Kazakhstan is occupied by the so-called "Letter of five" prominent Kazakh cultural figures. In July 1932, G. Musrepov, M. Gataulin, M. Davletgaliyev, E. Altynbekov, K. Kuanyshev wrote a letter to I. Stalin about the tragedy of the Kazakh steppe, accused F. Goloshchekin of distortions of the General line of the party for collectivization, the destruction of incentives for the development of husbandry, which gave rise to aversion to cattle breeding. They were threatened with expulsion from the party and prosecution. The strength of the psychological pressure experienced by the authors of the letter proved to be a severe test for them. One of the authors of the “Letter of five” was – Vice-rector of the Kazakh Communist University EmbergenAltynbekov. This article examines the life path and fate of EmbergenAltynbekov, analyzes his socio-political activities.